

## Хаттама №2

12 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқан-9

Қатыспаған -0

### Күн тәртібінде қаралатын мәселе

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің орындалуының есебі
2. «Баланың қауіпсіз жағдайда болуы»
- 2.Барлық топ тәрбиешілері сауықтыру шаралары туралы жүргізілетін жұмыстары жөнінде есеп беру
- 3.Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындылары

### Тыңдалды:

№1 педагогикалық кеңес отырысының шешімдерінің орындалу барысында балабақша меңгерушісі Калжанова Халима Камаловна мәлімдеме жасады.

2023-2024 оқу жылына жоспарланған жылдық жұмыстар жүйелі түрде орындалуда. Балалардың денсаулығын нығайту, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шаралары барлық қызметкерлер мен педагогтар, мамандардың өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарағанның барысында дұрыс орындалуда.

Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көзқарасына байланысты. Балаларды қорғау үшін балалар бақшасындағы балалардың қауіпсіздігі үшін жауапты негізгі ережелер әзірленді. Баланың өмірге бейімделуіне үлкен мән беріледі, тәрбиеші балабақшадағы қауіпсіздік бұрышына балалардың назарын аудартуға тиіс.

Тәрбиеші: Қоблан А.Қ. балалардың күнделікті өмірін гигиеналық талаптарға сай ұйымдастыру. Шынықтыру жолдарын күннің көзін, суды, ауаны пайдалану арқылы комплексті түрде өткізуге болады. Күндізгі ұйқыны ауасы таза, желдетілген бөлмеде ұйымдастыру керек екенін айтып өтті.

Тәрбиеші: Дуисенбаева Ж.А. сауықтыру мен шынықтырудың міндеттерімен таныстыра отырып, қимыл-қозғалыс жаттығуларын дұрыс ұйымдастыра

білу, шапшаңдық, жылдамдық сияқты физикалық қабілеттерді арттыруға жағдай жасау керектігін атап айтты.

**Қаулы:**

1.№1 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Балабақшада жүргізіліп жатқан іс-шаралар, санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталсын.

**Хатшы: А.Т.Сертаева**